


Бекітемін: 

Қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Ә.Жиентай
«17» қаңтар 2022 жыл

Ақтөбе қалалық «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары

Ай атауы	Қаралатын сұрақтар	Жауапты
Қаңтар №1 отырыс	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жөнінде (төрағаны және хатшыны сайлау)	ҚК хатшысы М.Кунантаева
	Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын бекіту	Кеңес мүшелері
	Мектепте қауіпсіздік шараларын тиімді ұйымдастыру жолдары	АӘТД мұғалімі Б.К.Бисенов
Наурыз №2 отырыс	Қаулылардың орындалу есебі	Жауапты тұлғалар
	Осал жанұя балаларын ыстық тамақпен қамту, бракераждың комиссияның жұмысына талдау жүргізу	Әлеуметтік педагог Удин Е.С
	Қамқоршылық кеңес жұмысымен мектеп ұжымын, ата-аналарды ақпараттандыру	Қамқоршылық кеңес төрағасы Жиентай Д.Ә.
	Тәуекел тобындағы әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға психологиялық және әлеуметтік көмек ұйымдастыру туралы	Әлеуметтік педагог Мектеп психологы Удин Е.С. Мырзаханова Б.Қ
Маусым №3 отырыс	Қаулылардың орындалуы	Жауапты тұлғалар
	Мамандық таңдау жұмысының мектеп түлектері мен ата-аналары арасында жүргізудің маңызы	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К.
	Мектептің МТБ дамытуға арналған қаржы көлемі мен жоспардағы мемлекеттік сатып алу көзделген тауарлар мен қызметтер.	Бас есепші Избагамбетов Г.Ж.
	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К.
Желтоқсан №4 отырыс	Қаулылардың орындалуы	жауапты тұлғалар
	Қамқоршылық кеңес төрағасының талдау есебі	Қамқоршылық кеңес төрағасы Жиентай Д.Ә.
	Қамқоршылық есеп шотына түскен және мемлекеттік қаржыландыру бойынша осал жанұя балаларына арналған қаржының жұмсалыуының есебі	Мектеп директоры А.К.Ильсов
	Келесі 2023 жылды жоспарлауға ұсынылатын жұмыстар	Кеңес мүшелері

Өткен күні: 05.01.2022

Қатысқан мүшелер саны: 6

Қатыспағандар саны: 3 (дәлелді)

- | | |
|--|--|
| 1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жөнінде (төрағаны және хатшыны сайлау) | ҚК хатшысы
М.Кунантаева |
| 2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын бекіту | Кеңес мүшелері
АӘТД мұғалімі
Б.К.Бисенов |
| 3. Мектепте қауіпсіздік шараларын тиімді ұйымдастыру жолдары | Жауапты тұлғалар |

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Д.Жиентай сөз алып, кеңес мүшелерін жаңадан сайланған мүшелерімен таныстырып өтті. Және дәлелді себептермен қатыса алмай отырған кеңес мүшелері туралы айта келіп, отырыста қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша комиссия мүшесі Канбаев М.С. сөз алып: Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде бұйрықпен бекітілген 9 қамқоршылық кеңестің мүшелері арасынан төрағаны ашық дауыс беру арқылы сайлау қажет. Ұсыныстарыңызды берулеріңізді сұраймын. Кеңес мүшесі Ж.Абдрахманова сөз алып, төрағалыққа Д.Жиентайды ұсынды. Ұсынысын Д.Жиентайдың осыған дейінгі жұмыс нәтижелерімен негіздеді. Осы ұсыныс ашық дауысқа салынып, көпшілік дауыспен (6 жақтап, 0 қалыс, 0 қарсы) Д.Жиентай кеңес төрағалығына

сайланды. Мектеп директоры А.К.Ильясов сөз алып, кеңес хатшылығына мектеп кітапханашысы Г.Арзакулованы ұсынатынын айтты. Кеңес мүшелері ұсынысты қолдады.


Екінші мәселе бойынша даярлаған қамқоршылық кеңестің жоба жоспарымен таныстырып өтті және талқылауға ұсынды.


Барлық кеңес мүшелері жоспарды мақұлдады. Егер қажеттілік болған жағдайда жоспарға өзгерістерді енгізіп отыруға уағдаласты.

Үшінші мәселе бойынша АӘТД мұғалімі, терроризмнің алдын алу жұмыстарына жауапты тұлға Б.Бисенов сөз алды. Ол өз сөзінде: қазіргі уақытта әлем бойынша саяси тұрақсыздық белең алып отыр. Оның ішінде діни-экстремизм етек алуда. Қазақстанда рұқсат етілмеген діни ағымдардың елге жасырын енуі және мектеп оқушыларын (қыздары, ұлдары) уағыздап әртүрлі әдістермен өздеріне қарату, өмірлік ұстанымдарын өзгерту, діни фанаттарды даярлау, экстремистік әрекеттерге үйрету т.б. жұмыстары жүргізілуде. Соның қауіптісі-терроризм. Терроризмнің алдын алу мақсатында оның алдын алу туралы жоспарлы жұмыстар жүргізіледі. Олар: мектеп персоналын оқыту, жаттығу шараларымен үйрету және мектепке бөгде адамдардың кіру тәртібін қатайту. Мектепті бейнебақылау жүйесімен жабдықтау, металл іздейтін детектор қолдану т.б. арнайы жабдықтарды қолдану. Осы бағытта мектеп ұжымы жоспарлы даярлық жұмыстарын жасауда. Мектептің кіре берістері бейнебақылау жүйесімен, металл іздегішпен қамтылған. Мектепке кіргізу ережесі арнайы бұйрықпен бекітілген. Мектепті арнайы күзет мекемесі мамандары қорғайды, күзетеді. Әзірше келеңсіз жағдайлар болған жоқ. Жұмыс жоспарлы жүргізілуде.

Қаулы

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Д.Жиентай сайлансын. Кеңестің хатшысы болып Г.Арзакулова бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін.
3. Мектептің қауіпсіздік шараларын жүйелі, тиімді жүргізу жолдары қарастырылсын.

Кеңес төрағасы  Д.Жиентай

Кеңес хатшысы  Г.Арзакулова

Өтетін күні: 30.03.2022

Қатысқан мүшелер саны: 7

Қатыспағандар саны: 2 (дәлелді)

Қаралған мәселелер:

1. Қаулылардың орындалу есебі . Жауапты тұлғалар
2. Осал жанұя балаларын ыстық тамақпен қамту, бракераждың комиссияның жұмысына талдау жүргізу Әлеуметтік педагог Удин Е.С.
3. Қамқоршылық кеңес жұмысымен мектеп ұжымын, ата-аналарды ақпараттандыру. Қамқоршылық кеңес төрағасы Жиентай Д.Ә.
4. Тәуекел тобындағы әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға психологиялық және әлеуметтік көмек ұйымдастыру туралы. Әлеуметтік педагог Удин Е.С.
Мектеп психологы Мырзаханова Б.Қ.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Д.Жиентай сөз алып, дәлелді себептермен қатыса алмай отырған кеңес мүшелері туралы айта келіп, отырыста қаралатын мәселелер мен таныстырды. Және өткен отырыста қабылданған қаулылардың ішінара орындалғанын және әліде жұмыс жүргізілетінін баяндады. Мысалға мектеп ғимаратына бөгде адамдарды, қызметкерлерді, оқушыларды кіргізу тәртібі қатайтылып, күнделікті бақылау жұмыстары жүргізілуде. Бөгде адамдар тек арнайы жолдамалар арқылы (білім саласының қызметкерлері, қадағалаушы мекемелер мамандары, келісім шарт негізінде мектепке қызмет көрсететін мекеме мамандары т.б.) мектептің Ережесі және мектеп директоры бекітке мектепке кіргізу тәртібі бойынша мектеп кіргізіледі.

Мектептің ауласын және негізгі кіргізу есігін арнайы күзет мекемесінің мамандары қадағалайды. Қазіргі кезде бақылау видеокамераларын ауыстыру, саын көбейту, персоналдарды терроризмге қарсы даярлау жұмыстары жоспарлы жүргізілуде.

2 мәселе бойынша әлеуметтік педагог Е.С.Удин сөз алды. Ол өз сөзінде:

Мектеп директорының бұйрығы негізінде, оқушыларды ыстық тамақпен тамақтандыру қыркүйек айынан басталып, АСП алатын отбасы балаларына ұйымдастырылды. Тамақтандырудың сапасын тұрақты бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылды. Олар жыл бойы тамақтың сапасына, шикізаттардың сақталуына, салмағына, буфет продукцияларына тексерулер жүргізіп, жиналыстарында талдап отырды. Тексеру уақытында анықталған кемшіліктер дереу дұрысталып отырды. Ата-аналар және оқушылар тарапынан ескертулер болған жоқ. Барлығы 17 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Ас мәзірі облыстық білім басқармасы мамандарының ұсынысымен қолданылды.

3 мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Жиентай сөз алды.

Ол өз сөзінде: Қамқоршылық кеңестің жұмысын ата-аналар, қоғам арасында кеңінен насихаттау қажеттілігін атап өтті. Себебі, барлық жоспарланған жұмыстар барлық ата-аналар қауымының қатысымымен жасалады. Олардың сын ескертпелерін дұрыс қабылдап, алдағы жұмыста жақсы ұсыныстарды ескеру қажет. Сондықтан біріккен жұмыс қана өз нәтижесін береді. Қазіргі уақытта ақпараттық технологияның күшті дамығаны бұл жұмыстың алға басатындығына кепіл болады. Осы жұмысқа мектептің мамандарын тарту қажет.

4 мәселе бойынша мектеп мамандары сөз алып, төмендегідей мәлімдеме жасады. Оқу жылының басында мектеп оқушыларынан арнайы психологиялық тест алына отырып, оқушы мінезіндегі, психологиясындағы өзгешеліктері бар оқушылар анықталып, бақылауға алынды. Оқу жылы бойында: класс жетекшілері, мектеп психологы, тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог, тәлімгер мұғалімдердің бірлескен жұмысы ұйымдастырылып, жоспарланды.

Психологиялық өзгерістері бар, қолдауды қажет ететін 9 оқушы және іс-әрекетіндегі, мінезіндегі өзгерістер бар 2 оқушы анықталып, психологтың бақылауына тіркелді. Қалған оқушылар контингентімен жоспарлы жұмыстар (әңгімелесулер, баяндамалар, дөңгелек үстелдер, бірлесіп ақпарат жинау т.б.) өткізілді. Қажеттілігінше психологиялық, тәрбиелік қолдаулар көрсетілді. Тәрбие жоспары бойынша өтетін шараларға, мектепшілік қалалық

үйірмелерге оқушыларды көптеп тарту, бос уақыт ұйымдастыру жүргізілді.
Мектепте 9 үйірме жұмыс жасады (спорт, өнер, шығармашылық т.б.)

Қаулы:

1. Мектептің қауіпсіздік шараларын ұйымдастыруда мектепке бөгде адамдардың кірмеуіне және мектепке қару түрлерінің және басқадай мектеп Ережесімен рұқсат етілмеген заттарды алып кіруіне тосқауыл қою мақсатында тексеру шаралары жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша тиімді жұмыстар жүргізілгені атап өтілсін.

2. Мемлекеттік заңмен бекітілген статусы бар отбасы оқушыларының ыстық тағаммен қамтылуы және ұйымдастырылуы стандарттық және санитарлық талаптарға сай және бракераждық комиссияның жұмысы нәтижелі болғандығы атап өтіле отырып, ұсынылсын:

1) Ыстық тағаммен қамтылатын оқушылар санын мейлінше көбейту.

2) Бракераждық комиссияға тағам сапасы мен көлемін, тағамды даярлау технологияларының сақталуына жүйелі бақылау орнату міндеттелсін.

Жауапты: мониторинг комиссия мүшесі Удин Е.С.


3. Қамқоршылық кеңес жұмысын ақпараттындыруда арнайы стендтер және әлеуметтік желі (телеграм, ватсап) қолданылсын.

Жауапты: кеңес хатшысы Арзакулова Г.

4. Тәуекел тобындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушыларының жағдайын анықтауда тұрақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қажетті бағытта қолдау ұйымдастырылсын.

Жауапты: мектеп психологы
әлеуметтік педагог
класс жетекші

Кеңес төрағасы


Д. Жиентай

Кеңес хатшысы


Г. Арзакулова

Өткен күні: 24.06.2022

Қатысқан мүшелер саны: 6

Қатыспағандар саны: 3 (дәлелді)

- | | |
|--|---|
| 1. Қаулылардың орындалуы, | Жауапты тұлғалар |
| 2. Мамандық таңдау жұмысының мектеп түлектері мен ата-аналары арасында жүргізудің маңызы | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К. |
| 3. Мектептің МТБ дамытуға арналған қаржы көлемі мен жоспардағы мемлекеттік сатып алу көзделген тауарлар мен қызметтер. | Бас есепші
Избагамбетов Г.Ж |
| 4. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К. |

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Д.Жиентай сөз алып, дәлелді себептермен қатыса алмай отырған кеңес мүшелері туралы айта келіп, отырыста қаралатын мәселелермен таныстырды. Және өткен отырыста қабылданған қаулылардың ішінара орындалғанын және әлі де жұмыс жалғасатынын баяндады. Оның ішінде ыстық тағамдардың сапасын бақылау, тағамдарды даярлау сапасының артқандығы байқалады. Қамқоршылық кеңес жұмысы жиналыс хаттамалары мектеп сайтына орналастырылған. Мектеп психологы бастаған топ әлеуметтік жағдайы төмен отбасы жанұяларына барып, жан-жақты зерттеулер ұйымдастырған. Жұмыстар әлі де жалғасуда.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Уликпанова сөз алды. Ол өз сөзінде: мектепте мамандық таңдау бағытындағы жұмыс бастауыш деңгейінен басталады. Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы адам өмірінің нәтижелі ұйымдастырылуына, биік табыстарға, жоғарғы жетістіктерге негіз болады. Себебі, адам өмірі қамшының сабындай өте қысқа. Ал өз кәсібін меңгеру үшін ұзақ уақыт білім алуы қажет. Егер жеткіншек мамандықты дұрыс таңдамаса босқа кеткен уақытпен жұмсалған қаражат құмға төккен су сияқты болады. Сондықтан

әрбір оқушы мектеп кезеңінде зерттеліп, мүмкіндіктері, талғамдары, таланттылығы т.б. белгілері бойынша мамандықтарға икемдестіріледі. Жоғарғы деңгейде нақты мамандықтар туралы оған қажетті білім мен білік, қасиет пен мінез талаптары туралы таныстырылады. Қазіргі кезде оқушылардың талабы өзгеше. Олар өзіне қажетті мамандықты таңдағанда ең көп жалақы берілетін кәсіпті таңдайды. Оларды ол кәсіпке сәйкестігі алаңдатпайды. Осыдан келе оқушы жас кезінен қате кәсіп таңдап уақытын босқа жібереді. Осындай кемшіліктер болмас үшін, ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылады. Әсіресе қазіргі шетел тілін меңгеру талабы мемлекет тарапынан алдыңғы қатарға қойылып отыр. Себебі жаңа технологиялардың барлығы шет елден келуде. Әсіресе Еуропа, Қытай, Жапония, АҚШ, Корея т.б. Мамандықтар туралы оқушылар кез келген уақытта интернеттен толық ақпарат алуына мүмкіндігі мол. Мектепте жоспарлы кездесулер, таныстырулар және пікірталастар, өндіріс орнына саяхаттар жоспарлы өткізіледі - деп сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша мектептің бас бухгалтері Г. Избагамбетов сөз алды. Ол өз сөзінде: соңғы екі жылда Қазақстан білім ордалары «жан басына шаққандағы қаржыландыру» бағдарламасы негізінде жұмыс жасайды. Бұл бағдарлама бойынша мемлекет тарапынан әр оқушыға белгілі көлемде қаражат бөлінеді. Бұл қаражат білім беру үрдісіне жұмсалынады. Ал материалдық бөлікке жергілікті бюджеттен қаржы бөлінеді. Мысалы 2022 жыл бойынша 6157000 тг бекітілді. Оның 1378350 тг сі оқушылардың басқа мектепке қозғалысы бойынша сол мектептерге аударылды. Бұл қаржы мектеп жихазына: тақта 10 дана, мұғалім орындығы 10 дана, мұғалім столы 10 дана, спорт тауарлары (90000тг), санитарлық тауарлар (1214436тг), мектеп бақша дақылдары (104500тг). Мектеп асханасына тамақ пісіретін 4 камфорлы электр плитасы (650000тг). Оқу үрдісіне қосымша интербелсенді, қозғалмалы тақта сатып алуға конкурс жарияланды. Оқушыларды облыстық тарихи ескерткіштерге экскурсияға апару шығыны (64000тг). Оқушыларды таза (питьевой) сумен қамтамасыз ету қызметі (194000тг) жоспарланып жұмсалуда - деп мәлімет жасады.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Улиқпанова сөз алды. Ол өз сөзінде төмендегідей баяндады: 2021-2022 оқу жылының аяқталуына байланысты Ақтөбе Қалалық білім бөлімінің нұсқамасы негізінде оқушылардың жазғы демалысы төмендегідей жоспарланды. Бастауыш сыныптарда (1-4 сынып оқушылары) қамтылған «Балалар ойын алаңы» демалыс шарасын 30 маусым мен 17 шілде аралығында мектеп ғимаратында өткізу жоспарланды. Бұл шараға 62 оқушыны қатыстыру көзделді. Осы мақсатта мектепшілік №93 бұйрық шығарылды. «Балалар ойын алаңы» шарасын үш кезеңде өткізу белгіленді. Бұл сауықтыру шарасының мақсаты: оқушылардың денсаулығын нығайту, жан-жақты дамуын жетілдіру, өмірге күштарлығын арттыру. Жоспарлы түрде қаланың сәулетті жерлеріне, кітапханаларға, музейлерге, ескерткіш кешендеріне саяхат жасау жоспарланды. Ұйымдастыру шаралары нақтыланды. Демалу кабинеттері және спорт алаңдары жабдықталды. 5-8 класс оқушыларына арналған еңбек тынығу лагері жоспарланды. Ол, оқушылардың тынығуы мен денсаулығын еңбекпен нығайту, еңбекке деген

құштарлығын арттыру және жаратылыстану пәнінің алған білімдерін бекіту мақсатында ұйымдастырылды. Осы шарада оқушылар мектептің бау-бақшасын күтіп-баптаумен, ғылыми тақырыптарына байланысты өсімдіктермен әртүрлі тәжірибелерді жүргізумен айналысты. Осыған қосымша дарынды және аз қамтылған отбасы балаларына арналып 25 оқушы облыс аймағындағы Қобыланды батыр кешеніне саяхатқа бару маусым айының 9-ы күніне жоспарланды. Шілде айының ортасында мектепте аз қамтылған отбасы балаларына арналған тынығу лагерін ұйымдастыру жоспарланды. Қазіргі уақытта осы шараға арналған мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылуда.

Қаулы

1. Мамандық таңдау жұмысын ұйымдастыруда ата-аналарға қолдау көрсету және біріккен жұмысты ұйымдастыру.

Жауапты: мектеп әкімшілігі.


2. Мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету.

Жауапты: мектеп бас бухгалтері

3. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыруда олардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басты назар аударылсын.

Жауапты: тәрбие саласының мамандары, қызметкерлері.

Кеңес төрағасы: Д.Жиентай

Кеңес хатшысы:  А.Арзакулова

Кезектен тыс өткізілген кеңейтілген
қамқоршылық кеңес отырысы №4

Өткен күні: 28.07.2022жыл

Қатыскандар:

Кеңес мүшелері-6

Шақырылған адамдар:

Ата-аналар-5

Мектеп ата-аналары комитетінің мүшелері -2

Мектеп әкімшілігі-2 (Мектеп директоры А.К.Ильясов, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.К.Уликпанова).

1 мәселе. Жаңа 2022-2023 оқу жылындағы мектеп формасы туралы.

Осы мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды.

Жаңа оқу жылының басталуына байланысты қоғамда мектеп формасы туралы қызу пікірталастар орын алды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің шешімі бойынша мектеп формасына ешқандай өзгерістер енгізілген жоқ. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы»- бұйрығына сәйкес, қамқоршылық кеңесімен бекітілген қолданыстағы киім үлгілері сақталатын болды. Бірақ, өз тарапымыздан киім стиліне, мата сапасына, түсіне қажетті өзгерістерді енгізуге болады. Нұсқауда ата-аналар оқу формасын тіктіруде, сатып алуда еркін болады –деп айтылған. Бізде мектеп формасы «сұр» түсті мата.

Ұлдарға: жакет, шалбар, жейде.

Қыздарға: юбка, жакет, жейде, сарафан.


Киім стилдеріне ұсыныс-тілектеріңізді айтуға болады. Жарыссөз бөлігінде ата-аналар комитетінің мүшесі Койлыбаева З.А. сөз алды. Ол, маталардың сапасы нашар екенін, жақсы маталар (терлетпейтін) өте қымбатқа түсетінін айтты. Кеңес төрағасы Д.Жиентай: Ұлдардың шалбары кендеу және тобықтан түсіп тұру керек екендігін айтты. Ата-ана Мекетаева А.К. сөз алып:

-Оқушылардың шаш қою стилін дұрыстап, біркелкі қылу керек. Қазір әркім шетел киноларына еліктеп, ұзын шаштар қойуда. Ол мектеп формасына сай келмейді- деп атап өтті. Әрбір ұсыныс бойынша пікірталас орын алып, дауысқа салынды.

Көпшілік дауыспен төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы

1. Ер балалардың шалбары классикалық стилде, кара-көк түсті, ұзындығы тобықтан төмен болуы керек.
2. Қыз балалардың шаш стилдері жинақы және бантик тағылуы қажет.
3. Ұл балалардың шаш стилі жинақы, өте ұзын емес және көзді жауып тұрмауы қажет.
4. Киім матасын таңдауда, оқу формасын тіктіруде ата-ана еркін болады. Өзі таңдауды жүзеге асырады.
5. Мектеп әкімшілігіне, қамқоршылық кеңес мүшелеріне, ата-аналар комитеті мүшелеріне осы шешімді жалпы ата-аналар қауымына жеткізуді ұйымдастыру міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  Д.Жиентай

Хатшысы  Г.Арзакулова

Өткен күні: 18.08.2022ж.

Қатысқан мүшелер саны: 6

Қатыспағандар саны: 3 (дәлелді)

Қаралған мәселелер:

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға қаржылай көмек көрсету үшін ата-аналар тарапынан түскен өтініштерді қарау.

Әлеуметтік педагог: Е.С.Удин

Осы мәселе бойынша әлеуметтік педагог Е.С.Удин сөз алды. Ол өз сөзінде отырыста қаралатын мәселемен таныстырды. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) негізінде аз қамтылған отбасы балаларына бір жолғы қаржылай 37389 теңге көлемінде көмек берілу көзделгенін айтты. Осы аталған заң негізінде мектебіміздің ата-аналары Ж.П.Абжапбарова және А.К. Калдыгулова балаларына көмек сұрап өтініш білдірген болатын. Өтініштерімен қоса тапсырған құжаттары заң аясында жинақталған.

Жоғарыда өтініш берген ата-аналарға жеке тоқталатын болсақ А.К.Калдыгулованың үш баласы бар. Екеуі мектеп жасына дейін, бір баласы 6 класс оқушысы Есмолаев Бақытжан. Әкесі, Есмолаев Русланның табысы 109788,99 теңге көлемінде. Анасы үйде бала күтімінде. Жалдамалы пәтерде тұрады. Жанұяның барлық табысы жан басына шаққандағы табысы ең

төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен. Тиісті құжаттар жинақталып өтінішпен қоса тапсырылды.

Екішні өтініш білдіруші ата-атна, Ж.П.Абжапбарованың төрт баласы бар: Мақсұт Мирас 2 класс оқушысы, Мақсұт Диас 1 класс оқушысы, Мақсұт Али 7 класс оқушы және Мақсұт Ақерке 8 класс оқушысы. Әексі, Абжапбаров Ардақдақтың айлық табысы 100000 теңге көлемінде, жалдамалы жұмыс жасайды. Анасы бала күтімінде. Жеке үйде тұрады. Жанұяның барлық табысы жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен. Тиісті құжаттар жинақталып өтінішпен қоса тапсырылды.

Тапсырылған құжаттарды «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері қарап, қаржылай көмек беруге ұсыныс білдіруді сұрады.

Жарыс сөз:

Қамқоршылық кеңес төрағасы, Д.Ә.Жиентай сөз алды. Ол өз сөзінде оқушылардың ата-аналарының тапсырған құжаттарын толық тексергенін және қаржылай көмек беруге келісетіндігін айтты.


Қамқоршылық кеңес мүшесі, М.С.Канбаев сөз алды. Ол өз сөзінде өтініш білдіріп отырған ата-аналардың материалдық жағдайы төмен болғандықтан, қаржылай көмек беруге қарсылығы жоқ екендігін айтты.

Айтылған пікірлерден соң жалпы дауысқа салына отырып, 100% қолдау даусымен төмендегі Қаулы қабылданды:

Қаулы:


1. Өтініш тапсырған мектеп оқушыларының ата-аналарына ҚР Үкіметінің 25.01.2008ж. күнгі № 64 қаулысының негізінде 37389 теңге көлемінде қаржылай көмек берілсін.
2. Мектеп бас бухгалтері Г.Ж.Избагамбетовке осы қаулы негізінде 22.08.2022ж. күнінен қалдырмай қаржыны ата-аналардың есеп-шоттарына аудару міндеттелсін.

Кеңес төрағасы



Д.Ә.Жиентай

Кеңес хатшысы



А.С.Ердәулетова

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі отырысының 2022 жылғы "18" тамыздағы кезектен тыс хаттамасы

Ақтөбе қаласы, «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
18.08.2022ж. 17:00

1. Алқалы басқару органының құрамы:

- Жиентай Доктырбай Әлтенұлы – кеңес төрағасы;
- Шарипов Алшынбай Муфтоллаевич – кеңес мүшесі;
- Купбаева Айғайша Турарбековна – кеңес мүшесі;
- Балшиқбаева Айгерім Асқатовна – кеңес мүшесі
- Канбаев Муратбек Сабирович – кеңес мүшесі;
- Сарина Бибит Ароновна – кеңес мүшесі.

2. Қаржылық / материалдық көмек алуға өтініштер тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен тіркелген:

Р/с №	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Білім алушының/тәрбиеленушінің Т.А.Ә., сыныбы	Күні/өтініш нөмірі	Көмек түрі	
				Қаржылық	Материалдық
1	А.К.Калдыгулова	Есмолаев Бақытжан – 6 сынып	17.08.2022, № 1	37 389,00 тг	-
2	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Ақерке – 9 сынып	17.08.2022, № 2	37 389,00 тг	-
3	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Али – 7 сынып	17.08.2022, № 3	37 389,00 тг	-
4	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Мирас – 3 сынып	17.08.2022, № 4	37 389,00 тг	-
	Жиыны			149 556,00 тг	

өтініштерді қарау кезінде барлық қатысушыларға жария етілді.

3. Алқалы басқару органы растайтын құжаттармен бірге өтініштерді қарап, ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1) Мына өтініш берушілерге көмек көрсетілсін:

Р/с №	Өтініш берушінің Т. А. Ә.	Білім алушының/тәрбиеленушінің Т. А. Ә., сыныбы	Күні/өтініш нөмірі	Санаты	Қаржылай көмек, теңге	Материалдық көмек
1	А.К.Калдыгулова	Есмолаев Бақытжан - 6 сынып	17.08.2022, № 1	Аз қамтылған	37 389,00	-
2	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Ақерке – 9 сынып	17.08.2022, № 2	Аз қамтылған	37 389,00	-

3	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Али – 7 сынып	17.08.2022, № 3	Аз қамтылған	37 389,00	-
4	Ж.П.Абжапбарова	Мақсұт Мирас – 3 сынып	17.08.2022, № 4	Аз қамтылған	37 389,00	-
	Жыны				149 556,00	

2) _____ (негіздеме)






себебі бойынша көмек көрсетуден бас тартылсын.

Бұл шешім үшін дауыс берді:


Қолдайды _____ дауыс (алқалы басқару органы өкілдерінің Т.А.Ә.);

Қарсы _____ дауыс (алқалы басқару органы өкілдерінің Т.А. Ә.).



Алқалы басқару органының өкілдері:

 Жиентай Доктырбай Әлтенұлы
 Шарипов Алшынбай Муфтоллаевич
 Курбаева Айғайша Турарбековна
 Балшикбаева Айгерім Аскатовна
 Канбаев Муратбек Сабирович
 Сарина Бибит Ароновна

Білім беру ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген жауапты тұлға:

 Удин Ертау Сакиевич
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жасалған актімен таныстым:

 А.К.Калдыгулова
 Ж.П.Абжапбарова

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға қаржылай көмек көрсету үшін «Қамқоршылық» кеңеске ата-аналар тарапынан түскен өтініштер мен құжаттарды ұсыну.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы. (толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) негізінде аз қамтылған отбасы балаларына бір жолғы қаржылай 37389 теңге көлемінде көмек берілу көзделген.


Осы аталған заң негізінде мектебіміздің ата-аналары Ж.П. Абжапбарова және А.К. Калдыгулова балаларына көмек сұрап өтініш білдірген болатын. Өтініштерімен қоса тапсырған құжаттары заң аясында жинақталған.

Тапсырылған құжаттарды «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері қарап, қаржылай көмек беруге ұсыныс білдірулеріңізді сұраймыз.

Жоғарыда өтініш берген ата-аналарға жеке тоқталар болсақ А.К. Калдыгулованың үш баласы бар екеуі мектеп жасына дейін, бір баласы Есмолаев Бақытжан №48 ОМ 6 класта оқиды. Әкесі Есмолаев Русланның табысы 109788,99 теңге көлемінде. Анасы үйде бала күтімінде. Жалдамалы пәтерде тұрады. Жанұяның барлық табысы жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен. Тиісті құжаттар жинақталып өтінішпен қоса тапсырылды.

Ж.П. Абжапбарованың төрт баласы бар Мақсұт Мирас №48 ОМ 2 класс, Мақсұт Диас №48 ОМ 1 класс, Мақсұт Али №48 ОМ 7 класс, Мақсұт Ақерке №48 ОМ 8 класта оқиды. Әкесі Абжапбаров Ардақдақтың айлық табысы 100000 теңге көлемінде, жалдамбалы жұмыс жасайды. Анасы бала күтімінде. Жеке үйде тұрады. Жанұяның барлық табысы жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен. Тиісті құжаттар жинақталып өтінішпен қоса тапсырылды.

Әлеуметтік педагог



Удин Е.С.

2022 жылдың I тоқсанында өткізілген қамқоршылық кеңесі туралы

№	Білім беру ұйымының атауы	Қамқоршылық кеңес отырысының өткізілген мерзімі	Кеңеске қатысқан қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны	Интернет-ресурстарда орналастырылуы (сілтеме көрсетіледі барлық білім беру ұйымдарының)	Күн тәртібінде қаралған мәселелер	Қабылданған шаралар
46	№48 ОМ	30.03.2022	5	https://www.instagram.com/p/C25CHdMVC/?igshid=MDJmKzVxMjY=	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғамдағы орындалу есебі 2. Осап және балаларын ыстық тамақпен қамту, Браераждық комиссияның жұмысына талдау жүргізу 3. Қамқоршылық кеңес жұмысымен мектеп ұжымын, ата-аналарды ақпараттандыру 4. Тәуекел тобындағы әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға психологиялық және әлеуметтік қолдау ұйымдастыру туралы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектептің қауіпсіздік шараларын ұйымдастыруда мектепке бізде адамдардың нәрмеуіне және мәтестіке қару түрлерінің және басқадай мектеп Ережесімен рұқсат етілмеген заттарды алып жүрне тосқауыл қою мақсатында тексеру шаралары жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша тиімді жұмыстар жүргізіліп, атал өтіліс. 2. Мемлекеттік заңмен бекітілген статусты бар отбасы оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы және ұйымдастырылуы стандарттық және санитарлық талаптарға сай және Браераждық комиссияның жұмысы нәтижелі болғандығы атал өтіле отырып, ұсынылды: 1) Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар санын мейлінше көбейту, 2) Браераждық комиссияға тамақ сапасы мен көлемін, тамақты даярлау технологияларының сақталуына жүйелі бақылау орнату міндеттеліс. <p>Жауапты: мониторинг комиссия мүшесі Удин Е.С.</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. Қамқоршылық кеңес жұмысын ақпараттандыруда арнайы стендтер және әлеуметтік желі (телеграм, ватсап) қолданылсын. <p>Жауапты: кеңес хатшысы Арзақұлова Г.</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. Тәуекел тобындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушыларының жағдайын анықтауда тұрақты зерттеу жұмыстары

Мектептер бөлігіндегі Қамқоршылық кеңестер туралы АҚПАРАТ (13.05., 2022 жағдай бойынша)

№	Білім беру ұйымының атауы (тіркесу қуәлігіне байланысты)	ҚК құрылған немесе қайта құрылған күні (күні, айы, ақпаны, біріншісі №)	ҚК құрамы						ҚК отырысының өткізілген күні	ҚК негіздерінің интернет-ресурстарда орналасуы (сілтеме)	ҚК арнайы ескіріп қалған болуы (болмаған жағдайда себебін көрсету, қабылданып жатқан)	
			мемлекеттік орган өкілдері			ата-аналар	жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестерінің өкілдері	коммерциялық ұйымдардың өкілдері (бар болса)				қайырымдылық жасаушылар (бар болса)
			жергілікті өкілдік	атқарушы	құрамына кіретін							
46	«№ 48 ЖББОМ» КММ	Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 22.12.2017 ж. №1503	0	0	0	3	3	0	30.03.2022ж	https://www.instagram.com/p/CeSCHyMVCU/ =	арнайы ескіріп қалған болуы (1 жылдан аса көрсеткіш түсірілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің тапсырмасына орай қабылданып жатыр.	

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы
«№48 жалпы білім беретін
орта мектебі»
коммунальдық мекемесінің
қызметшісі

Информация о составе ПС в организациях среднего образования по состоянию на 21.06.2021 года

№ 29
06
142

№	Наименование организации образования (согласно свидетельству о рег. в.)	Состав ПС						
		Представители из гос. органов			Родители	представители работодателей и социальных партнеров	представители некоммерческих организаций (при наличии)	Безответственные (при наличии)
		местных представительных	исполнительных	правоохранительных				
1	КТУ "Общеобразовательная средняя школа № 48"	0	0	0	3	3	0	3



Директор школы А.К.Ильясов

Мектептер бөлінісінегі Қамқоршылық кеңестер туралы АҚПАРАТ (13.05.2022 жағдай бойынша)

Аудан бойынша ҚК құрылған мектептерді жеке көрсету

№	Білім беру ұйымының атауы (тірсеу қуанығыне байланысты)	ҚК құрылған немесе қайта құрылған күні (күн, айы, жылы, бұйрық №)	мемлекеттік орган өкілдері			аға-аналар	ҚК құрамы			ҚК отырысының өткізілген күні	ҚК шешімдерінің интернет-ресурстарда орналауы (сілтеме)	ҚК арнайы есеп шотының болуы (болмаған жағдайда себебін көрсету, қабалдапалы жатқан)
			жергілікті өкілдері	атқарушы	құрық нөреуі		жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері	кәсіпкершілік ұйымдарының өкілдері (бар болса)	қайырымдылық жасаушылар (бар болса)			
46	«№ 48 ЖЭБОМ» КММ	22.12.2017 ж №1503	-	-	-	5	3	0	13.03.2022ж	https://e-cs.hhs.gov/	өзірлі тапса жұмыс	

Тамашаев
16.05.22.